
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Жеменей ИСЛАМ

ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

Статья рассматривает возможности расширения мировоззрения казахской истории и культуры путем перевода исторических казахско-туркских оригинальных записей из арабского, персидского и древнетюркского языков непосредственно на казахский язык.

*Yazar, Kazak Türklerinin tarihi hakkında
Arap, Fars ve eski Türk dillerinde yazılan
kaçnakların Kazakça'ya çevrilmesi, Kazak tarihi
ve kültürü bakımından çok yararlı olacağım öne
süttür.*

Қазақтың тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне қатысты түркілік дәуірінің көптеген жазба деректері араб, парсы, түркі тілдерінде мұра болыш қалған. Оған айғақ ретінде араб тіліндегі жазба дерекердің саны 600 мыңға жуық, парсы тіліндегілер 200 мыңға таяу болса, түркі тіліндегілердің жалпы саны 70-80 мыңға жетіп жығылады. Бұлардың ішінде қазақ халқының саяси тарихы, тұрмыстық жағдайы мен өмір сұру салты, сондай-ақ қазақтың құрамына енген жалайыр, дулат, қаңзы, қоңырат, найман, аргын, керейт, қышишақ тағы басқа тайпалар туралы мәлімет бар. Сонымен қатар қазақ даласында орналасқан мәшінүр қалалар, мәселең, Исфижаб, Баласағұн, Сығанақ, Йәсі, Сайрам, Сарай, Сарайшық, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Меркі, Жаркент, Тараз жайындағы мағұлматтар жеткілікті.

Кеңес дәуірінде қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты, отарлау саясатының кесірінен қазақ ғалымдарына өз тарихын түшнүсқалық деректерден оқып зерттеулеріне, мамандар даярлауларына мүмкіндік берілмеді. Өйткені 1949 жылғы оргалық комитетінің құпия жарлығы бойынша қазақ ғалымдарының шығыс елдерімен мәдени-әдеби байланыстар жасаудың тыйым салынған-ды. Содан барып қазақтың өткен тарихымен қоса кеңес дәуіріндегі қазақ халқын жашай қыру шындығы да, Алаштың ірі қайраткерлерін құғын-сүргінге ұшыратып, қырып-жойған деректермен қатар ғалымдардың шығармаларына да тыйым салынды, деректер жабулы қазан күйінде қала берді. Кеңес дәуіріндегі соңғама саяси-психологиялық қысымға қарамастан, қазақ ғалымдары мен қаламгерлері өткен тарихымыздың мәдени-рухани мұраларын түрлі тәсілдер арқылы іздестіріп, өз шығармаларына арқау етті. Бұл жайында М.Әуезовтің «Абай жолы», I.Есенберлиннің «Көшпендейлер», Ә.Кекілбайдың «Үркөр», М.Мағауиннің «Бес ғасыр жырлайды» тоңтамасы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнаме» атты жыр дастанының желісінде жырлаған «Рұstem-Дастаны» айқын мысал бола алады.

Алайда, өкінішке орай, қазақтың түркілік дәуіріне қатысты деректерді парсы, араб немесе түркі тілінен тікелей пайдалана алмай, орыс тілін дәнекер тіл ретінде пайдалануға мәжбүр болдық. Сонымен қатар өзіміз деректердің

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселесі.

түп нұқасына қол жеткізе алмағандықтан, көбінесе орыс шығыстанушы ғалымдарының талдауы мен пайымдауларына тәуелді болдық. Бұның бәрі Мәскеудің отарлау саясатының жоспарының негізінде қазақты өзінің төл тарихынан, мәдениетінен қол үздіріш, ұлттық тұрғыдан психологиялық күйзеліске ұшыратуды көзделген саясаты шеңберінде іске асып отырды. Әрине, олар соракы шиғылдарының мақсатына белгілі бір деңгейде қол жеткізе алды. Мәселен қазақтар арасынан ұлттық болмысынан ажыраған ақын, оқымыстылар кездеседі. Ед жаман тұсы орыс тілді қазақтардың бір болігі көп жайтта апа тілін білмегендімен қатар өзінің затынан да безген жандар больш жүргендөрі жүрекке ауыр тиеді. Бірнеше ғасырға созылған орыстың отарлау саясаты қазақтарды өз тарихи құндылықтарына бей-жай қарайтын жағдайға жеткізді.

Қазіргі кезде тәуелсіздіктің арқасында көптеген кемпіліктерге қарамастан ұлттық-мемлекеттік мұддемізге қатысты әжептәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Оған дәлел Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдаш, қуатташ отырған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын айта аламыз. Осы бағдарлама аясында бірталай археологиялық шаралар археолог ғалымдар тараапынан іске асты. Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекция басқармасының атқарған шаралары нәтижесіне қарағанда Қызыл қоға ауданы бойынша 67 археологиялық ескерткіштер бар. Олардың ұшеуі мемлекеттік жөндеуде, қалғаны алдын-ала есепке алу тізімінде тұр.

«2006 жылы Қарабау селосынан солтүстік-шығысқа қарай екі шақырым жердегі жерде, Жолайшағыл Құм төбелі қабірінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Оның нәтижесінде б.з.д. II ғасырдағы Сармат ханпайымының қабірі табылды. Одан Самрук құс бейнеленген алтын алқа, алтын сырғалар, алтын әшекей, асыл тастан жасалынған моншақтар, құмыра ыдыстары шықты. Сонымен қатар, Ақтөбе және Қарабау мекендерінде археологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде» (Ерсайыш Өмір, Алтын орда, 13-19 қыркүйек 2007 ж.). Бұл мәліметтерге қарағанда «Мәдени мұра» бағдарламасы археолог ғалымдардың жұмысынан қозғау күш екенін көрсетеді. Біздің ұсыныш отырған мақаламыз қазақтың түркілік дәүіріне қатысты жазба деректердің жинақталыщ, елбасының нақты ұсынысына сай, барлығын қазақ тіліне аудару мәселесіне байланысты болып отыр.

Аударма мәселесіне келгенде – тәуелсіздіктің самал желі есе бастаған, сонау 1986 жылынан біраз бұрын ғалымдарымыз кеп те болса Қожа Ахмет Йасауи, Жұсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари сынды түркі халықтарына ортақ тұлғалардың түркі тіліндегі жазылған шығармаларының түшінсізасын негізге ала отырып қазақ тіліне тәржімалаштырылған айналымға енгізді. Сондай еңбектердің қатарында: Жұсіп Баласағұнның «Құтты білік» Махмұд Қашғаридың «Түрік сөздігі» – екеуін де аударып, алғы сөзін жазған ғалым, ақын Асқар Құрманшұлы Егеубай. Қожа Ахмет Йасауидың «Хикмет

жинағы» (жинақты басшага әзірлеген, алғы сөзі мен түсініктерді жазып, сөздікті және қазақша жолма-жол аудармасын жасағандар – Мұхамед-Рахым Жармұхаммедұлы, Мақсұт Шағиғи, Сәрсенбі Дәуітұлы, қазақша көркем тілге тәржімалашған Есенбай Дағысенбай).

Қазақ мәдениетіне қатысты араб тіліндегі қолжазба деректерді қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізіп жүрген шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісөлі. Ол қазақ топырағында дүниеге келіп ислам әлеміне елеулі еңбек еткен көптеген түркі ғалымдары мен қаламгерлерінің өмірбаяны мен шығармашылығы жайын «Қазақ даласының жұлдыздары» атты кітабында және «Қазақтың дана перзенттері» атты қолемді мақалаларында оқырмандарға таныстырыды. Соңдай-ақ Мырза Хайдар Дулаттың «Жаһаннаме» поэмасын да түркі тілінен аударып, сөздігін жасап, кіріспесін жазып, ғылыми басылымын дайындаш, басшадан жарықта шығарды.

Қазақтың тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты ендігі жерде тікелей тұшнұсқалық деректермен ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізу қажет. Өйткені Ресей мен Өзбекстан сыңды елдердің шығыстану саласы қанпама дамыған болса да олардың зерттеулері өздерінің ұлттық және мемлекеттік мұдделерінен аспайды. Сол үшін біздер жазба деректердің қазақ тіліне аударылуын жүйелі түрде қолға алуымыз керек. Оның бізге берері көп екендігін аудармадағы науқандық шаралардың пәтижелері көрсетіш келеді. Мәселен Жамбыл облысының бүрінші әкімі Серік Үмбетовтың ұсынысы әрі қолдауымен М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің «Дулаттану» ғылыми-зерттеу оргалығында Тараз қаласына қатысты жазба деректерді көбінесе тұшнұсқадан қарастырып, «Көне Тараз» және «Тараз-парсы ақындарының жыр шумақтарында» атты кітаптарға енгіздік. Бұл еңбектер облыс әкімдігінің және Иран ислам республикасы елшілігінің мәдени орталығының қаржыландыруы арқасында, Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойының қарсаңында жарық көрді.

Сонда байқағанымыз, сол кезге дейін бірде-бір шетелдік ғалым Тараз қаласын парсының жазбаларынан қарастыра қоймапты. Қарастырган еңбектерде Тараз қаласы көптеген парсы ақындарының жыр шумақтарына арқау болышты. Атап айтқанда: парсы тілді Рудаки (XI), Фердауси (941-1011), Әсәди Туси (XII), Фәррохи Систани (X-1038), Фәхреддин Горгани (т.ж. белгісіз-1074), Мәчүд Сәд (1048-1101), Сузәни Самарқанди (XII), Ҳағани Ширвани (1126-1199), Ҳаким Санай (XI-XII), Дәғифи Туси (XI), Әнвәри (XII) сыңды ақындары Тараз қаласының аруларын, шеберханаларын, арғымактарын, әсем базарларын, киімдерін, ерлерін өз бәйіттеріне өзек еткен. Иран ақындарының Таразға көніл бөлгендігі аталған қала Орталық Азияның ортағасырларда дамыған сауда, өнер орталық шағары болғандығын айқындайды. Ол дегеніміз Қазақ жерінде отырықшы мәдениеттің де өркендегенін көрсетеді. Демек тікелей тұшнұсқалық жазбаларынан мәдениетізге қатысты көптеген деректер кездестіре аламыз.

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселе

Қазақ тілінің тарихын зерттеуге де түшнүсқалық деректермен жұмыс істеу айтарлықтай қазақтың орта ғасырларда қолданыста болған сөздерін біршама анықтап бере алады. Ана тіліміздің тарихына мән берер болсақ тікелей аударманың қажеттілігіне назар аударатын уақыт жетті. Мәселен – Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегін түшнүсқадан қазақ тіліне тәржімалағанды Мырза Хайдар халқымыздың наным-сеніміне, салт-дәстүріне, күнделікті тіршілігіне қатысты жүзден аса қазіргі кезге дейін сол күйінде, сол мағынасында пайдаланыш келе жатқан қазақ сөздерін қолданғанын көрдік. Соңдықтан жекелеген қазақ сөздері тарихи-әдеби жазба деректерінде қолданылып жатса, оның әрбір сөзінің қаншама материалдық һәм мәдени-рухани жүктемесі бар екенін үғыну қын емес. «Тарих-и Рашиди» еңбегінде төмендегі қазақ сөздерін сол күйінде кездестірдік. Олар: Кек ешкі, жарлық (иәрлық), құсpsy, қымыз, қымыз той, елші, қымыз кесесі, мансаң, тұман ту, қосын ту, мөгөл ұлысы, қалмақ, қоналқы, ауын, қазақы рәсім (қазақы салт), қымыз дәрмен (қымыз ем), таңба, жар (сай), олжа, сабақ, орамал, дастарқан, кішкене, көкірек, кіршік, төгілген, төре, тоғыз тарам (өткел), жұлде, қарауыл, қорық, қазық қағу, (қазба жұмысы), кез (өлшем), тоқпақ (токмақ), жеті құдық (иеті құдық), дорба, ағаш (соқа), қошқар, мұхит, Қара Тұран Қытай (өзен), көл, қашыр, талқан, жонқар қол (сол жақ қанаты), шақыр (көмине), нәмәрт, қын, мөлшер-будал (бөлшектеніш белгіленген аймақ, жер бөлігі мағынасын билдіреді), әскер, ат басы, сан (дene мұшесі), қараңғытау (тағ), қаратал, қопын, аймақ, қодас, азық, жарақ, қара құлақ, (адам есімі), қатар, орда begi, Жәке (құрмет түрінде қысқартып атағаны), Жарас (есім), Мөңке бек, Тоқтақұл, Ұзын сақал, Тәнірберді, тұлқі атар, қол, батыл, қызыл, Тыныш хан, ауқат, мәслихат, томага, Сутемген (есім), аталақ (аталақ салты бойынша), сынаң, жеде, аула, Көк кесене, сардар, Мамық (есім), Сансыз (есім), шөл, корық, женгелік (әменигерлік-иәнгелик), ұрық, бақептерхана ұшып сұңқар болды, Алматы, Ақтас (Ақташ), қазына т.б.

Тарихи жазба деректерді аудару, біріншіден, қазақ тілінің тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін дәйікті түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, деректердегі мазмұнды ұлттық мұддеге орай қарастыруға, зерделеуге жол апады. Үшіншіден, қазақ тілінің сөздік қорын байыта түседі. Төртіншіден, қазақ тілінің әлем тілдер арасында бәсекеге қабілетті тіл болуына көмектеседі. Бесіншіден, қазақ тілінің терминологиялық қазынасының молаюына ұлес қосады. Алтыншыдан, халқымыздың ұлттық тіл, әдебиет пен фольклорының түркілермен қатар монгол, араб, парсы халықтарымен ортақ тұстарын анықтауға көп мүмкіндік береді. Жетіншіден, ғалымдармыз қебінесе орыс тіліндегі зерттеулерді пайдаланыш келгені үшін тарихи тұлғалардың аты-жөні, жер-су аттарын орыс тілінің транкрипциясы бойынша жазып та айтыш та келдік. Бұл бір сөздің этимологиясын анықтауда қындық тудырады. Әрі Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы негізінде жасалған қазіргі кирилл жазуы әрбір дыбыстың бір таңбамен көрсете алады. Соған қарамастан біз орыстың дыбыстандыру заңына бағыныш келдік.

Тікелей аударма есімдерді қазақ әліппесімен дыбыстындыруға мүмкіндік береді.

Ұлықбектің «Ұлыс әрбә’е» (Төрг ұлыс), Ата Мәлек Әлаеддин-Бәһаеддин Мұхаммед ибн Шәмседдин Мұхаммед Жовейнидің «Тарих-е Жаһангешай» (Әлемді жаулаш алушының тарихы), Шарафеддин Әли Иәзидидің «Зафарнаме» (Женіс хат немесе женіс кітабы), һомәд-әл-лаһ Мостуфидің «Тарих-е Гозиде» (Таңдаулы тарих), «Тарих-е Вәқаие» (Оқиғалар тарихы), Рашидеддин Фәзлоллашың «Жәми-ат-Тауарих» (Жалпы тарих), «Жам-е Гитинәмай» (Әлем көрінетін кесе), Фәзледдин Рузбенан Исфаһанидің «Меһманхане Бұхара» атты еңбектерін әлем зерттеуші ғалымдары ана тілдеріне аударып күні бүгінге дейін ортағасырлардың өте құнды деректері ретінде пайдаланыш келеді. Қазақ ғалымдары солардың аудармаларын пайдаланғанын олжак санағ келе жатқандығы жасырын емес. Шынтуайтына келгенде төуелсіздігіміздің жиырма жылда дайындалған кадрлармен ғылыми аударма саласына жаңа сершін беруге мол мүмкіндік бар.

Осы орайда Қазақ хандығының саяси тарихына қатысты оқиғалар Мұхаммед Шейбанимен (1451-1510) тіке-тіресі Мұхаммед Салиғтың «Шейбанинаме» атты поэмалық дастанында баяндалады. Соңдай-ақ «Меһманхане Бұхара» кітаптың автор Қазақ хандарының Мұхаммед Шейбани арасында болған соғыстарды бейнелей отырып, Қазақ халқының көшпені өмірін өлең жолдарымен суреттейді. Әрине, кітаптың бас кейішкери Мұхаммед Шейбани болғаңдықтан оқиғалардың шынайылығы ой елегінен өтуге тиіс екендігі тарихшы ғалымдардың ұлесіне тиесілі болып табылады. Аталған кітапта қазақтың өмір салтын төмөндегі өлең жолдарымен сипаттаған:

Жылжымалы үйлері тайпасының қазақтың,
Мәшінүр болып келеді барлық мынау әлемге.
Ұлысы мен кішісінің қазақтың,
Шарықтайдай үйлері биіктерде.
Мекен еткен жеріне қарай қалсаң қазақтың,
Жүзіп бара жатқандай көрінеді көктерде.

Жазба деректердегі осындай мәліметтер сан саланың зерттеліш, зерделенуіне тамыздық бола алатыны анық. Мәселен, бұл шумаққа ой жүгіртсек қазақ хандығы құрылмастан бұрын Қазақ халқының қазақ атауымен қалыптасып, өмір салтының қалыптасуын байқауға болады. Бұның өзі зерттеушіні қазақ сөзінің этимологиясына біршама жақындана түседі.

Түйіндең айтқанда, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жастарды түрлі спорттық, мәдени шаралар деген сыйлаумен концепттік ән кештеріне, ойын-сауықтарға қатыстырып жатады. Сейтіш жалған жұлдыздардың қатарын көбейтіп жатады. Бірақ та ұлттық мәдени-ғылыми шаралар жеткілікті түрде жасалмайды. Соның салдарынан жастардың кітап

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселеcі

окуға деген ықылас-ынтасы кемшін түсіп жатады. Содан жастардың басым бөлігі ғалым болуға, тарихы мен әдебиетін тануға құлықсыз.

Ендігі жерде жастардың тарихи санаасын ояту үшін, білім мен ғылымға құштарлығын арттыру үшін, қазақтың тарихына, жеріне байланысты соңғы зерттеу жұмыстарды сарапап, окулықтарға әрі окулық құрал қатарында мектептер мен жоғарғы оқу орындарында кеңінен қолданысқа енгізу керек.

Ал, қазақ тарихына қатысты еңбектерді қазақ тіліне аудару қазақ тарихының түркілік дәуірін, мәдениеттің қарым-қатынасын терендете түсімізге септігін тигізеді. Әрі қазақтың шығыстану ғылымының дербес шаңырақ құруына негіз қалай алады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Сұлтанов Т.И. Алтын Орда. Ауд. Р.Шаймарданов. Алматы, «Мектеп», 2004, -176 б.
2. Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулат - тарихшы-қаламгер, «Зерде», 2007, -3606.
3. Фәззелдин Рузбекан Исфанағи. Мәһманхане Бұхара. Ташкент, Ә. Бируни атындағы шығыстану институтының қолжазба қоры, № 1414.
4. Мұхаммед Малих. Шейбанинаме. С.Петербургъ, 1904, 2256.

REZUME

ZH.ISLAM (Almaty) LITERARY MONUMENTS AND TRANSLATION PROBLEMS

The goal of this article is in extending the world outlook of Kazakh history and culture by translating historical Kazakh-Turkic original records from Arabic, Persian and ancient Turkic languages directly to Kazakh language.